1.Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін дүниежүзілік саяси картада отаршылдық жүйесі құлдырап, бірқатар социалистік елдер пайда болып, тәуелсіз мемлекеттер саны көбейе түсті. Осы кезеңде соғысқа қатысқан елдердің арасында бейбітшілік, келісімділік қатынасын орнату үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды (1945 ж, АҚШ, 193 ел кіреді.). оның басты мақсаты- әлемдегі бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бейбіт өмірге төнген қауіптің алдын алу н/е бетін қайтару, шиеленістерді реттеу. Бірақ соғыстан кейінгі уақытта да бейбітшілік жолына тұрудан бас тартқан Шығыс пен Батыс елдері «суық соғыс» қатынасын қатаң жүргізіп отырды. Сол кезден бастап әскери-саяси одақтар құрыла бастады, олардың бірі НАТО (Солтүстік Атланттық келісім ұйымы) 1949 ж., Бельгия, 26 ел кіреді: Бельгия, Болгария, Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Грекия, Дания, Исландия, Испания, Норвегия, Польша ж/е т.б.мақсаты- біртұтас қорғаныс жүйесін құратын әскери- саяси одақ) және Варшава Келісімінің ұйымы пайда болды. Жалпы, халықаралық қатынастар дегеніміз – территориялық қалыптасудың және ішкі қоғамдық қарым- қатынастың шегінен шығатын қоғамдық қарым-қатынас түрі. Осындай күрделі процесстердің негізінде халықаралық ұйымдар пайда бола бастады. Халықаралық ұйымдар - мемлекеттердің немесе олардың құрылымдарының, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың, ұлттық қоғамдардың, үкіметтік емес сипаттағы қауымдастықтардың, әртүрлі мемлекеттердің атынан жүретін жеке мүшелердің бірлесуі; қоғамдық өмірдің әртүрлі (саяси, экономикалық, әлеуметтік, әскери-саяси, мәдени, ғылыми-техникалық, аймақтық, аймақаралық, және т.б.) салаларында ортақ мақсаттарға жету үшін құрылады және халықаралық әріптестіктің аса маңызды түрі болып табылады. Халықаралық ұйымдар XIX ғ. екінші жартысында пайда болды, ол ұлттық мемлекет шеңберінен шыққан дамыған экономикалық және әлеуметтік-саяси қатынастардың түбегейлі жаңа мәселелердің, трансұлттық міндеттердің шешімін табуда бірлесудің, халықаралық күшті жұмылдырудың объективті қажеттілігінен туды. Қазіргі кезде 500 – ге жуық халықаралық ұйымдар бар. Солардың бірі – Еуропалық Одақ (1957 ж.) Еуропалық орталық қауымдастық. Оның басты міндеті – біртұтас экономикалық одақ құру арқылы елдер арасындағы тауар, қаржы, жұмыс күшінің еркін айналымына жағдай жасау. Оған 27 ел кіреді: Бельгия, Германия, Италия, Люксембург, Нидерланды, Франция, Ұлыбритания, Дания, Ирландия, Грекия, Испания, Португалия, Австрия, т.б.

5.4. Иллюстрациялық материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
 - б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
 - б) оқу орны: аудитория
- Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

5.5.Әдебиет:

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

ONȚŪSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 30 беті	

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляр: всего:1

4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляр: всего:1

5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляр: всего:1

6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляр: всего:9

7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляр: всего:43

3.Қосымша:

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика) Экземпляр: всего:1

5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляр: всего:20

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық сауда, айналым, тауар құрылымына тоқталыңыз

2.Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз

1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.

2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

Үй тапсырмасы. 5 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 31 беті

№ 11 сабақ

5.1.Сабақтың тақырыбы: Батыс Еуропа елдері. Жалпы сипаттама.

Сағат саны:135 мин

5.2. Сабақтың мақсаты: Еуропаның саяси картасындағы өзгерістер, өнеркәсібі, табиғи байлықтары салалар географиясы туралы түсінік беру.

Білімділік: білім,білік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік:Оқушыларды өз елін сүйуге тәрбиелеу.

Дамыту:оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі- 10 мин

- Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
- Сабақтың мақсаты мен міндеті.

2.Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.30 мин

- барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
- студенттермен уақытында жұмыс істеу;
- сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- студенттердің білімін бағалау;
- Үй тапсырмасын қорытындылау

3.Жаңа сабақты түсіндіру:45 мин

5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.

- Территориясы, шекарасы,орны.
- Табиғат жағдайлары мен байлықтары.
- Халқы
- Шаруашылығы. Оның алатын орны
- Өнеркәсіп. Оның басты салалары
- Ауыл шаруашылығы. Оның түрлері
- Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері.
- Даму кіндігі
- Жоғары дамыған аудандар

Шетелдік Еуропаның *территориясы* солтүстіктен оңтүстікке қарай 5 мың км-ге, батыстан шығысқа қарай 3 мың км-ден астам қашықтыққа созылып жатыр. Шетелдік Еуропа елдерінің *экономикалық- географиялық жағдайын* екі басты белгі айқындады.

1. Көршілік жағдайы. Территориясы шағын, шалғай аудандары аз және көлік тез арада өте шығатын бұл елдер бір-бірімен тікелей шектесіп жатады, немесе олардың арасын болмашы қашықтық бөліп тұрады.

2. Теңіз маңайы. Олардың көбі қатынас қызған теңіз жолдарына жақын орналасқан. Ұлыбританияның, Нидерландының, Данияның, Норвегияның, Исландияның, Португалияның, Испанияның, Италияның, Грецияның бүкіл тіршілігі теңізбен тығыз байланысты.Аймақтың саяси картасы 20 ғ. үш үлкен өзгеріс көрді: бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстан кейін және соңғы жылдары елдердің бірігуі. Шетелдік Еуропада республикалар да, монархиялар да, унитарлы мемлекеттер де, федерациялы мемлекеттер де бар.

Шетелдік Еуропаның өнеркәсібіне қажетті табиғи алғышарттар пайдыла қазбалардың орналасуының зор ықпалымен қалыптасты. Олардың аймақтың солтүстік және оңтүстік бөліктеріндегі құрамының бір-бірінен айырмашылығы бар. Солтүстік бөлікте Балтық қалқаны мен герцин қатпарлылығымен байланысқан кенді пайдалы қазбалар, шөгінді

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 32 беті	

тасы мен оның шеткі ойыстары, пайдалы қазбалары таралған Оңтүстік бөлікте магмалық, шөгінді кен орындары көп, бірақ отын қоры аз. Аймақтың агроклиматтық факторлары оның қоңыржай, оңтүстігінде- субтропиктік белдеуге орналасуына байланысты айқындалады. Жерорта теңізі маңайындағы тұрақты егіншілік қолдан суаруды керек етеді. Кәдімгі орман ландшафтылары басым Швеция мен Финляндияда орман шаруашылығын жүргізуге қажетті табиғи алғышарттар жеткілікті. Шетелдік Еуропада табиғи- тының қорлары да мол. Соңғы уақытта шетелдік Еуропаның халқының өсуі баяулады. Кейбір елдерде халықтың саны кеміп барады. Осының бәрі халықтың сыртқы көшіп- қонуының дүниежүзілік жүйесіндегі аймақ үлесінің күрт өзгеруіне әкеп соқтырды. Ұлы географиялық ашылулар заманынан бері эмиграцияның ошағы болған шетелдік Еуропа еңбек иммиграциясының дүниежүзілік басты ошағына айналды. Шетелдік Еуропа халқының ұлттық құрамы айтарлықтай бірдей: аймақтағы 62 халықтың басым көпшілігі үнді-еуропа тіл әулетіне жатады. Мұнда славян, роман, герман топтарына жататын туыс тілдердің көптігін ұқсастық белгілері бар.

Христиан діні- шетелдік Еуропаның барлық елдеріндегі үстем дін. Оңтүстік Еуропада католицизм, Солтүстік Еуропада- протестанттық күрт басым; ал Орта Еуропа олар әр түрлі қатынаста таралған. Католицизмнің дүниежүзілік орталығы- Ватикан Римде орналасқан.

Тұтас аймақ ретінде шетелдік Еуропа өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің көлемі, тауарлар және қызметкөрсету экспорты, алтын және валюта қоры, туризмді дамыту жөніндегі дүниежүзілік шаруашылықта бірінші орын алды. Аймақтың экономикалық қуаты ең алдымен Батыс елдерінің « үлкен жетілігіне» кіретін төрт ел- ГФР-ге , Францияға, Ұлыбританияға, Италияға байланысты болады.

Шетелдік Еуропаның халықаралық географиялық еңбек бөлінісіндегі келбеті 200 жылдан астам уақыт бойы, тіпті қазіргі кезде де көбінесе өнеркәсіптің дамуына байланысты болып отыр. Машина жасау- шетелдік Еуропа өнеркәсібінің жетекші саласы, шетелдік Еуропа машина жасаудың отаны болып табылады. Химия өнеркәсібі 2 -ші орында. Ауыл шаруашылығы – табиғи және тарихи жағдайлардың ықпалымен үш түрге бөлінеді: 1) солтүстік еуропалық(интенсивті сүтті мал шаруашылығы), 2) Отра еуропалық(сүтті және сүтті етті мал шаруашылығы, шошқа және құс өсіру), 3) Оңтүстік еуропалық(жеміс, цитрус, жүзім, бадам, жаңғақ, темекі). Аймақтағы елдердің бәрі мемлекеттік экономикалық саясат жүргізеді және барған сайын айналадағы ортаны қорғауға бағытталған батыл шаралар қабылдайды. Шетелдік Еуропаның төрт ірі бөлігі бар: Шығыс Еуропа , Орта Еуропа, Солтүстік Еуропа, Оңтүстік Еуропа. Олардың әрқайсысы қайталанбас қаумдастық. Шетелдік Еуропаның халқы мен шаруашылығының территориялық құрылымы негізінен 19 ғасырда қалыптасқан. Орналасудың басты тақырыбы табиғат байлықтары еді. Аймақта бар жоғы шамамен 400 қала агломерациясы және 100 жуық өнеркәсіпті аудан бар. Өз кезегінде «Еуропаның басты көшесі» - Рейн – Рона сызығы оның өзегі болып саналады. Бұл кіндікті шекарасында 120 млн. Адам тұрады және аймақтың бүкіл экономикалық қуатын жартысына жуығы осында шоғырланған.

Үлкен Лондон мен Үлкен Париждің астаналық аймақтары өнеркәсіптің ең жаңа салалары, инфрақұрылымды, ғылымды, қызмет көрсету саласын шоғырландырған жоғары дамыған аудандарға жатады. Қала орталығынан 70-80 км радиустағы территорияны алып жатқан Лондон аймағы 12-13 млн. Адам тұрады, ал халықтың орналасу тығыздығы 1 км-ге 750 адамға жетеді. Лондонның орталық бөлігін жеңілдету үшін сегіз жаңа серік қалалар салынған. Үлкен Парижде 10 млн. Адам тұрады. Ол Франция территориясының 1,5 %-ін қамтиды, бірақ мұнда оның өнеркәсіп өнімінің ¼-і өндіріледі, ғылымды көп қажет

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 33 беті	

ететін салалар жеткілікті, ал «Париж бұйымдарын» жасауда Париж көптеген ғасырлар бойы бүкіл дүние жүзі үшін «сән орталығы» болып келеді. Шетелдік Еуропада әлі де айтарлықтай артта қалған, негізінен өнеркәсіпті бірқатар аудандар бар. Оған ел территориясының 40 %-ін алып жатқан оңтүстік Италия. Мұнда халықтың 35%- тен астам және өнеркәсіпте еңбек ететіндердің 18%- ғана шоғырланған.

Шетелдік Еуропа – дүние жүзінің территориясы ең шағын аймағы, бірақ оның дүние жүзілік шаруашылықтағы рөлі өте зор. Соңғы уақытта аймақтың саяси және экономикалық картасында үлкен өзгерістер болуда.

5.4. Иллюстрациялық материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

5.5.Әдебиет:

- 1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
- 3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1
4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1
5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1
- 6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9
7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

3.Қосымша:

- 1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика) Экземпляры: всего:1
5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 34 беті	

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь.

М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Страны и народы», -М.Мысль. В.П.Максаковский. География.

Перевод Ш.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:

Просвещение-Қазақстан, 2004

Атлас, контурная карта 10 класс.

5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.

Бақылау сұрақтары:

1. Еуропа елдерінің халқы ұлттық құрамы.

2. Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз

1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.

2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

Үй тапсырмасы. 5 мин.

№ 10 сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы: Азия елдері.

Сағат саны: 135 мин

5.2. Сабақтың мақсаты: Азия территориясы, халқы, табиғат байлықтары, өнеркәсібі шаруашылығы жайлы мәлімет беру.

Білімділік: білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды өз елін сүйуге тәрбиелеу.

Дамыту: оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;

б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;

в) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

г) студенттердің білімін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау

5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.

1. Территориясы, шекарасы, орны.

2. Табиғат жағдайлары мен байлықтары.

3. Халқы

4. Шаруашылығы. Оның алатын орны

5. Өнеркәсіп. Оның басты салалары

6. Ауыл шаруашылығы. Оның түрлері

7. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері.

8. Даму кіндігі

9. Жоғары дамыған аудандар

8. Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу	044-73/11-225 68 беттің 35 беті

1. Территориясы, шекарасы, жағдайы. Шетелдік Азияның территориясы солтүстіктен оңтүстікке қарай 7 мың км, ал батыстан шығысқа қарай 10 мың км-ден астам қашықтыққа қарай созылып жатыр. Аймақтағы екі ел- Қытай мен Үндістан-алып елге, қалғандарының көпшілігі – айтарлықтай ірі елдерге жатады. Бірақ осымен қатар, Азияда шағын елдер де көп. Көптеген елдердің шекарасы жақсы байқалатын табиғи шептер арқылы өтеді. Бір қатар жерлерде, мысалы, Гималай, бұл экономикалық жәнә басқа байланыстар үшін едәуір кедергі келтіреді.

Аймақтың экономикалық-географиялық жағдайы 3 басты белгілермен сипатталады. Біріншіден, бұл көршілік жағдайы, ол көбіне Азияның төрт ірі аймағының әрқайсысындағы елдерді біріктіреді.

Екіншіден, бұл көптеген елдердің теңіз манайындағы жағдайы, мұның өзі аса маңызды дүние жүзілік сауда жолдары өтетін Тынық, Үнді және Атлант мұхиттарына шығуды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, бұл кейбір елдердің ішкері орналасқан жағдайы, мұнын өзі тұтас алғанда аса ұтымды емес.

Шетелдік Азияның саяси картасы соңғы уақытта үлкен өзгерістерге ұшырады. Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында халықтың 90%-і отарлар мен жартылай отарда тұрды. Қазір аймақтың барлық елдері-егемен мемлекет. Соған қарамастан, Таяу Шығыста әлі де Палестина мемлекеттің проблемасы шешілмеген.

3) Халқы: Араб елдері осы жарылыстың ошағы болып отыр. Олардың көпшілігі мемлекеттік демографиялық саясат жүргізбейді. Бірақ аймақтың басқада көптеген елдерінде ол айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Халықтың тез өсуі және жасаруы жалғасуда. Қазір өсу қарқынды бойынша шетелдік Азияның халқы 30 жылда екі еселенді. Мұндай демографиялық жағдай көптеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларды күрделендіре түседі. Шетелдік Азия халқының этникалық құрамы ерекше күрделі: этнограф-ғалымдар мұнда әр түрлі тіл әулеті мен топтарына жататын 1 мыңнан астам ұлт тұрады деп есептейді. Олардың ішінде өте ірі, сондай-ақ таулы жерлерге шашырай қоныстанған өте аз санды халықтарда бар. Шетелдік Азия-көптеген ғасырлар бойы саясатқа, эконномикаға, рухани мәдениетке, халықтың ұдайы өсуіне, халықтардың әдет-ғұрпына зор ықпал еткен бүкіл дүниежүзілік діндердің отаны. Дін материалдық мәдениетте де-мұсылмандардың мешіттерде, индустардың храмдарында, буддалардың ғибадатханалары мен монастырьларына кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде де ол адам өмірінің барлық жақтарына күшті ықпал етуде. Аймақтың халқы өте әр келкі орналасқан. Мұндағы бір полюсте – теңіз манайындағы жазықтар, өзендердің аңғарлары мен атыраулары болса, екінші полюсінде-шөлдер мен шөлейттер, биік таулар, тропиктік ормндар ы жайғасқан.

1) Территориясы, шекарасы, жағдайы. Қытай Халық Республикасы- территориясының көлемі Жөнінен дүние жүзінде үшінші орын алатын мемлекет. Бұл ел батыстан шығысқа қарай 5,7 мың км-ге, солтүстіктен оңтүстікке қарай-3,7 мың км-ге созылып жатыр. Қытайдың құрлықтағы шекарасы көбіне жақсы байқалатын табиғи шептер арқылы өтеді. Сырт экономикалық байланыстар үшін негізінен теңіз жолы пайдаланатындықтан, теңіз маңындағы аудандардың экономикалық- географиялық жағдайы едәуір тиімді.

Қытай 23 провинцияға және орталыққа бағынатын үш қалаға – Пекин, Шанхай, Тяньцзин-бөлінеді. Елдегі кейбір провинцияларда Еуропаның ең ірі елдеріндегідей мөлшерде халық тұрады.

2) Халқы. Қытай 2 мың жыдан бері жер шарындағы ең халқы көп ел болып келеді. Қытай нақылдарының бірінде “ Адам тауы, адам теңізі “ деп айтылу кездейсоқ емес.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 36 беті	

ҚХР құрылған 1949 ж. Бері оның халқы саны 2 есе өсіп , 1990ж. Бүкілқытайлық халық санына сәйкес 1 млрд. 134 млн адам болды.

Этникалық құрамы бойынша алғанда Қытайдағы халықтың басым көпшілігі қытайлар олар елдің бүкіл шығыс жартысына қоныстанған. Қытайдың бүкіл халқына есептегенде шағын ұлттардың үлесі 8% қана болғанына қарамастан, бұл елді әдетте көп ұлтты елге жатқызады. Оның себебі 1)Қытай емес ұлыстар емес этникалық топтардың жалпы саны 60-қа жуықтайды .2)Олардың жалпы саны 80 млн адамнан асады . 3)Олар ел территориясының жартысынан астамына қоныстанған.

4. Ішкі айырмашылықтар мен қалалар . Территориялық жоспарлауды жетілдіру мақсатында 80- жылдарында Қытай – Шығыс, Орталық және Батыс экономикалық зона белгіленді.

Шығыс зона экономикалық жағынан алғанда неғұрлым дамыған аймақ. Өнеркәсіп орталықтары мен тораптарының көпшілігі, көптеген ауылшаруашылық аудандары, көлік магистральдары, барлық теңіз порттары осында орналасқан. Аса ірі қалаларда осы зонада.Қытайдағы қалалардың ең үлкені- Шанхай. Ол теңізден 50 км қашықтықта Янцзы өзенінің сағасына құятын Хуанпу өзенінде орналасқан. Бұл дүние жүзіндегі аса ірі порттардың бірі және елдің көптеген мыңдаған кәсіп орындары бар аса маңызды өнеркәсіп орталығы. Соңғы уақытта мұнда ҚХР-дағы нағыз осы заманғы металлургия комбинаты, тұңғыш АЭС салынып, еркін экономикалық аймақ құрылған. Бұрын Шанхай ең жайсыз әрі халық асатығыз орналасқан қалалардың бірі болатын. Онда қазір де халық өте тығыз орналасқан, бірақ қала қайта құрылуда, оның төңірегінде серік қалалар бой көтерген.Халқының саны жөнінен екінші орынды Пекин қаласы алады. Ол теңізден 170км қашықтықта, елдің халқы барынша тығыз орналасқан аудандарының біріне- Ұлы Қытай жазығына орналасқан. Ол әр түрлі атаумен әлденеше рет ертедегі және орта ғасырлардағы Қытай мемлекеттерінің астанасы болды, ал XVғасырдан бері қазіргі атауына ие болды. Қаланың орталық тарихи бөлігі дәстүрлі тікбұрышты пішінін сақтаған. Мұнда көптеген тарихи және мәдени көрікті орындар бар.

1984ж қытай үкімкті сыртқы дүние үшін теңіз маңындағы 14 қаланы ашу жөнінде шешім қабылдап, оларға тікелей сыртқы экономикалық байланыстар жасау хұқын берді.

Территориясы, шекарасы, жағдайы: “Күншығыс елі”. Территориясының көлемі бойынша Жапонияны Батыс Еуропаның барынша ірі елдерімен және АҚШ-тың үлкен штаттарымен салыстыруға болды. Бірақ құрамы мен пішіні жөнінен олардан күрт өзгеше болып келеді. Жапония-төрт ірі және 4мыңдай ұсақ аралдарға орналасқан архипелаг ел. Бұл тұтас бір аралдар дүниесі! Табиғат байлықтарына кедей болса да, Жапония... Жағалауға өте бай.

Жапонияның экономикалық -географиялық жағдай ең алдымен ол орналасқан аралдар доғасының Еуразия материгі мен Тынық мұхитының түісінде 3,5 мың км-ге созылып, Азия-Тынық мұхиты аймағының орталығында орналасуына қарай анықталады. Бұл елдің халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне қатысуы үшін өте үлкен мүмкіндіктер ашылды.

Жапонияның Азияның қиыр шығысына орналасқан жағдайы оның “Күншығыс елі” деп бейнелі аталуына да себепші болған.

Шаруашылығы. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін *ауыл шаруашылығы* да түбегейлі қайта құрылды. Жапония қашанда таза егіншілікті ел болатын. Өндіретін жердің жартысына жуығына өсірілетін күріш бұрынғыша негізгі дәнді дақыл.Жапонияның басты тағамы болса бау-бақша , әсіресе ірі кара, шошқа, құс өсіру барынша дамытылды. Жапонияның ауыл шаруашылығында барлығы 6 млн. Адам еңбек етеді, ал өндірілетін жер

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 37 беті	

территорияның не бары 16%-ін құрайды. Жапонияның өзен көлігі мен құбырдан басқа көліктің барлық түрлері дамыған.

Жапонияның халықаралық экономикалық байланыстарға ерекше тартылуы – оның шаруашылығының өте маңызды ерекшелігі. Елде өзінің отаны мен шикі затының аздығы оның 9/10 жағдайға импортқа бағыт ұстауға мәжбүр етті. Екінші жағынан алғанда, ел экономикасы дайын бұйыдар экспортына төтенше тәуелді. Жапонияның белсенді сауда байланысы бар, Дүние жүзінің көпшілік елдерінен жапон фотоапаратын, бейнемагнитофонын, калькуляторын, автомобилін, мотоциклін сатып алуға болады.

Жапонияның шаруашылығының тағы бір маңызды дәстүрлі саласы – *балық аулау*. Жапония дүние жүзіне балық аулау 1 –ші орында тұр. Елде 3 мың-нан астам балық аулайтын порттар бар. Бағалық теңіздердің бай әрі алуан түрі фаунасы балық аулауды ғана емес, сонымен бірге теңіз дақылдарын өсіруді дамытуға да мүмкіндік туғызды. Жапондық тамақ рационында балықпен теңіз өнімдері өте үлкен орын алады. Інжу теруде жақсы дамыған.

Территориясы. Пішіні жөніне Үндістан территориясы үшбұрышты еске алады, бұл үшбұрыштың негізгі материкке сүйеніп, Азияның қалған бөлігінен Гималай тау жүйесімен бөлінеді. Бұл территорияның үлкендігімен оқшаулығы оны Үндістан ірі континенті деп атауға мәжбүр етті. Ел солтүстіктен оңтүстікке қарай 3,2 мың км-ге, батыстан шығысқа қарай -2,9 мың км-ге созылып жатыр. Үндістан – дүние жүзіндегі ежелгі мемлекеттердің бірі. Ол 2 ғасырдай уақыт бойы Англияның отары болды. 1947 ж. Тәуелсіздікке жетті, ал 1950 ж. Республика болып жарияланды. Мемлекеттік құрылысы бойынша Үндістан 25 штаттан тұратын федерациялы республика. Оның әрбір штатының заң шығаратын жиналысы мен үкіметі бар. Бірақ күшті өкімет сақталады. Үндістан Ұлыбритания басқаратын Достастықтың құрамына кіреді.

2) Халқы. Үндістан- халқының саны жөнінен дүние жүзінде Қытайдан кейін 2-ші орын алатын ел. Мұнда халық саны 1891 ж. Әр бір жыл 10 жыл сайын жүргізіліп тұрды. 1901 ж. Үндістанда 239 млн, 1951 ж. -361 млн, 1981 ж. 683 млн, 1991 ж. 844 млн адам тұрған

Үндістандағы халықтың этникалық құрамы ерекше көп түрлі Үндістан дүние жүзіндегі ең көп ұлтты ел. Үнділер “ деген ұғым әр түрлі әлеуметтік- экономикалық сатыда тұрған және түрліше тілдерде сөйлейтін бірнеше жүздеген этностық – ұлттарды, ұлыстар мен тайпаларды біріктіреді. Үндістанның халқы әр келкі орналасқан. Халық ежелден ақ ең алдымен өзен аңғарларда, атыраулардағы құнарлы ойпаттар мен жазықтаға, теңіз жағалауларында орналасқан. Елде 4,5 мыңнан астам қала бар оның үстіне, үлкен қалалар мен “ миллионер “ қалалардың саны өсіп келеді.

Дін қоғамдық және отбасылық қоса алғанда Үндістанның өмір салтына өте күшті ықпал етеді Үнділердің 4/5-і индуизм және 1/10-і мұсылмандықты ұстайды. Индуизм аса маңызды парыздарының бірі- қоғамды қастарларға бөлу. Мұндай қастарлар ресми түрде жойылғанына қарамастан, әлі күнге дейін, әсіресе ауылдық жерлерде сақталып келеді.

3) Шаруашылығы мен өнеркәсібі. Үндістан әлі де өте қайшылықты ел күйінде қалып отыр. Ол өндірістің жалпы көлемне дүние жүзінде 11- орында, ал жан басына келетін ұлттық табыстың деңгейі жөнінен -102- орында ғана Оның тұрғындарының 2/5 кедейлердің ресми деңгейінен төмен тұрады.

Үндістанның өнеркәсібіне еңбекке жарамды халықтың 1/5-і еңбек етеді. Ол жеңіл және тамақ өнеркәсіпті елден ауыр индустриясы дамыған елге айналды. Үндістан станоктар, тепловоздар, автомобильдер, тракторлар, теледидарлар, электронды есептеуіш машиналар, АЭС терді шығарады. Үндістанның жеңіл өнеркәсіптің басты саласы-мақта-мата, джут, тігін өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығында Үндістанның еңбекке жарамды халқының 3/5 жұмыс істейді. Мемлекеттің қаржы бөлу, жасыл революцияның

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 38 беті	

жетістіктерін пайдалану нәтижесінде дәнді дақылдан, әсіресе бидайдан алынатын түсім едәуір артып, ел төменгі деңгейде болсада өзін астықпен қамтамасыз етеді. Үндістанда Үнді-Ганг ойпатында орналасқан 2 басты егіншілік зона қалыптасқан. Бұл ойпаттың оңтүстік-шығыс бөлігінде Үндістанның күріш өсіретін басты зонасы қалыптасқан. Солтүстік-батыс бөлігі Пенджапта басты бидай зонасы орналасқан. Бидайды раби маусымында, негізінен суармалы жерлерде өсіреді. Осы мақсатпен гидротехникалық құрылыстар салынған, олардың ішінде аса ірісі – Бхакра-Нангал.

Шетелдік Азия – халқының саны жөнінен дүние жүзіндегі ең үлкен аймақ оның көптеген экономикалық, әлеуметтік, экологиялық проблемалары демографиялық жарылысқа байланысты. Аймақ территориясының өте үлкендігі де аймақтың орнына, табиғат жағдайлары мен қорларына, халқы мен шаруашылығына байланысты көптеген айырмашылықтар туғызады.

5.4. Иллюстрациялық материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту 30 мин.

5.5. Әдебиет:

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П. Максаковский. География. Перевод Ш.М. Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан, 2004

3. Ахметов Е. Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземплярлары: всего: 1

4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы : Мектеп, 2006. - 304 с. Экземплярлары: всего: 1

5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы : Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.

Экземплярлары: всего: 1

6. Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Ю. Н. Гладкий, С. Б. Лавров. - Алматы : Мектеп, 2002. - 256 с. Экземплярлары: всего: 9

7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземплярлары: всего: 43

3. Қосымша:

1. М. Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. Экономическая география [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). -

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 39 беті

(Экономика) Экземпляры: всего:1

5. Өнеркәсіп географиясы : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы)

Экземпляры: всего:20

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь.

М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Страны и народы», -М.Мысль. В.П.Максаковский. География.

Перевод Ш.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:

Просвещение-Қазақстан, 2004

Атлас, контурная карта 10 класс.

5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.

Бақылау сұрақтары:

1. Азия елдерінің халқы, ұлттық құрамы.

2. Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз

1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.

2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

Үй тапсырмасы. 5 мин.

№ 11 сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы: Австралия елдері.

Сағат саны: 135 мин

5.2. Сабақтың мақсаты: Австралияның территориясы, халқы, табиғат байлықтары, өнеркәсібі шаруашылығы жайлы мәлімет беру.

Білімділік: білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды өз елін сүйуге тәрбиелеу.

Дамыту: оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;

б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;

б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) студенттердің білімін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау

3. Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин

5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.

1. Территориясы, шекарасы, орны.

2. Табиғат жағдайлары мен байлықтары.

3. Халқы

4. Шаруашылығы. Оның алатын орны

5. Өнеркәсіп. Оның басты салалары

6. Ауыл шаруашылығы. Оның түрлері

7. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері.

8. Даму кіндігі

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 40 беті	

9. Жоғары дамыған аудандар

Австралия - оңтүстік жарты шардағы құрлық. Ол 10°41' оңт. ендіктегі Йорк мүйісінен 39°11' оңт. ендіктегі оңт.-шығ. мүйіске дейін және 113°05' шығ. бойлықты Стип-Пойнт мүйісі мен 153°34' шығ. бойлықтағы Байрон мүйісі аралығында орналасқан. Аум. жағынан Жер шарындағы ең кіші құрлық (7,63 млн км²). Батысы мен оңтүстігін Үнді мұхиты, шығысы мен солтүстігін Тынық мұхиттың Тасман, Маржан, Тимор және Арафур т-дері қоршаған. Жағалаулары аз тілімделген. Ірі шығанақтары — солтүстігінде — Карпентария, оңтүстігінде — Австралияның үлкен шығанағы. Австралияның солтүстігінде Кейп-Йорк түбегі, шығыс, солт.-шығ. жағалауын бойлап (ұз. 2300 км) Үлкен тосқауыл рифі жатыр. Оңтүстігінде Тасмания ар-нан Австралияны Басс бұғазы бөлген. Оңтүстігін бойлай Үлкен Австралия шығанағы орналасқан. Еуропалықтар үшін Австралия құрлығын 1606 ж. голландиялық теңіз саяхатшысы В. Янсзон ашқан. Жер бедері Австралия жерінің басым көпшілігі жазық және оның 95%-тен астамының биікт. 600 м-ден аспайды. Орограф. ерекшеліктеріне қарай жер бедерін 3-ке бөлуге болады. Батыс Австралия таулы үстіртінің орташа биікт. 400—500 м, үстірттің шығысында (құрлықтың орталық тұсында) Макдоннелл жотасы (1.510 м), солтүстігінде Кимберли алқабы (биікт. 936 м), оңт.-батыста Дарлинг (582 м) жоталары жатыр. Орталық ойпаттың биікт. 100 метрден аспайды, ал Австралиядағы ең темен жер — Эйр к-нің маңы (мұхит деңгейінен 12 м төмен орналасқан). Ойпаттың оңт.-батысында Флиндерс, Маунт-Лофти жоталары бар. • Құрлықтың бүкіл шығыс бөлігін ұзына бойы созылған Үлкен суайрық жот асы алып жатыр. Оның тау беткейлері жадағай келген, шығыс беткейі тік құлама және қатты тілімделген, батыс беткейлері біртіндеп төбелерге және көлбеу жазықтарға ұласқан. Австралияда ең биік жер — Косцюшко тауы (2.230 м) құрлықтың осы тұсында орналасқан. Геологиялық құрылысы және кен байлықтары Құрлықтың іргетасын, негізінен, Австралия платформасы мен Шығыс Австралия геосинклинальді белдеуі құрайды. Платформа құрлықтың батысын, Сент-Винсент шығанағына дейінгі орталығын және оның Арафур т. астындағы бөлігін, Жаңа Гвинея аралының оңтүстігін қамтиды. Геосинклиналь белдеуі Кейп-Йорк түбегінен басталып, Тасмания аралымен бітеді. Австралия платформасының түпкі негізі (архей-төм. протерозой) күшті метаморфтану салдарынан гнейс пен гранитке айналған жанартаулық жыныстар мен терригенді шөгінділерден тұра-ды. Архей жыныстары Пилбара мен Калгури жақпарларында, солтүстікте Кимберли үстірті мен Антрим тауларында және Арнхемленд түбегінің солт.-батысында кездеседі. Протерозой шөгінділері Батыс Австралияның Наллагайн, Кимберли үстірті ойыстарында, Карпентария шығанағының оңт.-батысында көп ұшырасады. Платформаның солт.-батысындағы Үлкен құмды шөлде триас, юра шөгінділеріне толы Каннинг ойысы, Үлкен шығанақтың солт. жағасында палеоген жыныстары басып жатқан кайнозой дәуірінің Юкла ойысы бар. Шығыс Австралия геосинклиналь белдеуі батыстан шығысқа қарай біртіндеп алмасатын каледондық және герциндік жүйелерден құралған. Солтүстік-тен оңтүстікке қарай Карпентария шығанағы, Үлкен Артезиан және Муррей алаптары сияқты бірнеше ойыс жатыр. Құрлықтың архей, протерозой, кембрий, ордовик жыныстарында, алтынның (Калгури, Кулгари, Бендиго, Балларат), уранның (Рам-Джангл, Мэри-Катлин, Радиум-Хилл), түсті металдардың (Брокен-Хилл, Маунт-Айза, Клонкар-ри) ірі кен орындары, оңт. мен бат-ндағы протерозой шөгін-ділерінде темір мен марганец-тің, ал солтүстігіндегі Уайпа кен орнында боксит кентасы бар. Үлкен артезиан алабы мен Амадея ойысында, Виктория жағалауындағы әр түрлі геол. жүйелерде мұнай мен газ мол. Құрлықтың шығысы мен ба-тысында титан мен цирконийдің аса ірі кен орындары

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-73/11-225 68 беттің 41 беті

орналасқан. Ауа райы Құрлықтың басым бөлігін тропиктік (18°—30° оңт. ендік), ал солтүстігі мен оңтүстігін субтропиктік белдеу алып жатыр. Шығыс жағала-уының климаты — тропиктік теңіздік, Күн радиациясы үнемі жоғары, ашық күндер басым. Тұрақты аяз тек оңт.-шығ-тағы Австралия Альпісінде (-22°С-қа дейін) байқалады. Үлкен суайрық жотасының Тынық мұхиттан соғатын ылғалға бөгет жасауы, құрлықтың бүкіл орталық аймағының климатының құрғақ болуына әсерін тигізеді. Австралия жерінің 40%-ке жуығында жауын-шашын мөлш. 250 мм-ден аспайды. Құрлықтың солтүстігі мен шығысындағы тауларда жауын-шашын мөлш. 500 мм-ден 2000 мм-ге дейін жетеді. Бұл аймаққа экватордан келетін ылғалды муссонның әсері бар. Гидрология Аустралияда өзен, көлдер аз. Материктің 60%-ын қамтитын ішкі тұйық алапқа уақытша кебетін өзен арналары - криктер тән. Олар қалдық көлге құяды. Өте таяз, суы тұзды болып келетін, жағалаулары қалың тұз қабыршақтарымен жабылған көлдер — қалдық көлдер. Көлдер құрғақ кезеңде тартылып қалады. Қалдық көлдер материктің батысы мен орталығында көп. Ең ірісі — Эйр көліне бағытталған Куперс-Крик. Аустралия өзендері жаңбыр және жер асты суларымен қоректенеді. Үнді мұхиты алабына Аустралияның ең үлкен өзені — Муррей жатады. Муррей мен оның ірі саласы Дарлинг Үлкен Суайрық жотасынан басталып, Үнді мұхитына құяды. Муррей өзені жыл бойы Австралия Альпісінен келетін сулар есебінен толығады. Құрғақ кезеңде Муррейдің деңгейі күрт төмендейді, ал Дарлинг төменгі ағысында мүлде тартылып қалады. Австралияда 33 артезиан алабы (жер асты сулар) бар. Мұнда дүние жүзіндегі ең ірі Үлкен Артезиан алабы орналасқан. Жер асты суларының көпшілігі тұзды болып келеді. Қабат аралық жер асты сулары 2000 м-ге дейінгі тереңдікте жатқандықтан, оларды бұрғылап, жер бетіне шығару көп қиындық туғызады. Австралия Одағы Аустралия материгі мен көршілес орналасқан Тасмания аралын бір ғана ел — Аустралия Одағы алып жатыр. Қазіргі кезде халық саны 21млн адамнан асады. Елдегі қала халқының үлесі 86% -дан асады. Мемлекеттің байырғы халқы аборигендер метистермен қосқанда халықтың 1%-ын құрайды. Азиядан қоныс аударған қытайлар мен үнділердің саны көп. Аборигендер бір-бірінен тілдік айырмашылықтары арқылы бөлінетін 200-ден астам тайпалардан құралған. Аборигендер аңшылық кәсіпті жақсы меңгерген. Еуропадан қоныс аударған ағылшын ұрпақтарынан материктің келімсек халқы — Австралиялық ағылшындар қалыптасты. Австралия Одағы — шаруашылығы дамыған ел. Тау-кен өнеркәсібі дамып, қалыптасқан. Машина жасау, химия және тамақ өнеркәсібі өркендеген. Аустралия меринос қойларының саны жөнінен дүние жүзінде 1-ші орында. Елдің оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыста бидай егіледі. Жағалық жазықтарда ананас, банан, қант қамысы, ірі қалалардың маңындағы суармалы жерлерде бау-бақша өсіріледі.

5.4. Иллюстрациялық материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
 - б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
 - б) оқу орны: аудитория
- Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

5.5.Әдебиет:

- 1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 42 беті	

3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземплярлары: всего:1

4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземплярлары: всего:1

5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземплярлары: всего:1

6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқулық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземплярлары: всего:9

7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземплярлары: всего:43

Латын Америкасы елдерінің саяси дамуында әр түрлі бағыттар орын алды. Кубада 1925 жылы Х.Мачадонның, Чилиде 1927 жылы К.Ибаньестің диктатурасына орнады. Олар Италия тәжірибесіне сүйініп, корпоративтік мемлекет құруға тырысты. 1909-1935 жж. Венесуэлада диктаторлық тәртіп болды. Аргентина мен Уругвайда либералдық-демократиялық билік қалыптасты. Бұл елдерде кейбір өнеркәсіп орындары, мұндай көздері национализацияланып, мемлекеттік сектор құрылды. Бірқатар әлеуметтік реформалар жүргізілді: 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді, жалақы көбейтілді, зейнет ақы төлеу жүйесі қалыптаса бастады.

1929-1933 жж дүниежүзілік экономикалық дағдарыс салдарынан дамыған елдердің өнеркәсібінің қысқаруы Латын Америкасының шикізаты мен азық-түлігіне сұранысты мүлде азайтып жібереді. Экспорттан түсетін қаржының азаюы көптеген кәсіпорындардың күйреуіне, жұмыссыздықтың өсуіне, халықтың тұрмыс дәрежесінің төмендеуіне әкелді. Дағдарыстан шығу үшін билеуші топтар экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін енгізді. Экономикалық дағдарыс саяси өмірге де әсер етті. 1930 жылы Аргентинада әскери төңкеріс болды. 1932 жылы Сальвадорда коммунистік партияның жетекші Фарабундо Марти басқарған көтеріліс болды, оны үкімет күшпен басып тастады. Никарагуада американдардың үстемдігіне қарсы қозғалыс күшейді, оны А.С.Сандино тұтқындалып, өлтірілді. Екі жылдан соң Никарагуада Сомоса диктатурасы орнады.

Кубада 1933 жылы Мачадо диктатурасы құлатылып, демократиялық үкімет құрылды. Жаңа үкімет демократиялық бостандықтары қалпына келтіріп, бірқатар әлеуметтік реформалар жүргізілді. Алайда 1934 жылғы төңкеріс нәтижесінде елде Ф.Батистаның диктатурасы орнады.

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 55 беті	

30-жылдардың ортасында Бразилияда, Аргентинада, Чилиде Халықтық майдан құру мақсатындағы қозғалыс кең орын алды. Мексикада 1934 жылғы сайлауда Ұлттық-революциялық партияның солшыл қанатының жетекшісі Л.Карденас президент болған жылдарда аграрлық реформа жүргізілді, 1 миллион шаруа жер алды. Ұлттық өнеркәсіпті дамыту үшін 1936 жылы парламент шетелдік компаниялардың меншігін национализациялау туралы заң қабылданды. Мұндай өндірісі тұтастай национализацияланып, мемлекеттің меншігіне көшірілді.

Соғыстың басталуына байланысты 1939 жылы қыркүйекте американдық мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерінің кеңесі шақырылды. Кеңесте бейтараптылық туралы мәлімдеме қабылданды. Алайда 1941 жылы 7 желтоқсанда АҚШ соғысқа кіріскен соң, Венесуэла, Мексика және Колумбия Германиямен және оның одақтастарымен дипломатиялық қатынастардың үзді. 1942 жылы-Мексика мен Бразилия, 1945 жылы көктемде-Венесуэла, Парагвай, Перу, Уругвай, Чили, Аргентина фашистік одақ елдеріне соғыс жариялады. 1945 жылы ақпанда Мехикода американдық елдерінің сыртқы істер министрлерінің конференциясы шақырылды. Онда «Чапультепек мәлімдемесі» қабылданды. Бұл құжатта бейбітшілікті сақтау және адам құқығын қорғау ең басты міндет, бұл міндетті іске асыру үшін американдық елдері соғыстан кейін де өзара көмектесу және ынтымақтастық қатынастарын жалғастыруға тиісті деген ой айтылды.

5.4. Иллюстрациялық материал:

- техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
 - көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
 - оқу орны: аудитория
- Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

5.5.Әдебиет:

- В.П. Максакковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
- В.П.Максакковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004
- Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1
- География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1
- География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.Экземпляры: всего:1
- Дүниежүзінің экономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :**Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9
- География: Экономическая и социальная география мира :** Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

3.Қосымша:

- М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 56 беті

кұралы ретінде» Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер
«Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына
қосымша тараулар.

4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. -
Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). -
(Экономика) Экземпляры: всего:1

5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС
РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы)
Экземпляры: всего:20

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь.
М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Страны и народы», -М.Мысль. В.П.Максаковский. География.
Перевод Ш.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:
Просвещение-Қазақстан, 2004

Атлас, контурная карта 10 класс.

5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.

Бақылау сұрақтары:

1. Латын Америка елдерінің дамыған мемлекеттері.

2. Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз

1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.

2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

Үй тапсырмасы. 5 мин.

№ 15 сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы: Дүниежүзілік ғаламдық, экологиялық проблемалар.

Сағат саны: 135 мин

5.2. Сабақтың мақсаты: Қазіргі адамзат алдындағы ғаламдық проблемалардың туындау
себептері, оны шешу жолдары, оның әртүрлілігін мен аймақтардағы ерекшелігін көрсету.

Білімділік: білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды өз елін сүйуге тәрбиелеу.

Дамыту: оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі- 10 мин

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру

б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 30 мин

а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;

б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;

б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) студенттердің білімін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау

3. Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин

5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 57 беті	

1. Ғаламдық промлемалар ұғымы.

2. Бейбітшілік пен қараусыздану, жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу проблемасы.

3. Экологиялық проблема.

1. Ғаламдық промлемалар ұғымы. XX ғасырдың онжылдығы дүние жүзі халықтары алдына көптеген шиеленскен және күрделі проблемаларды қойды. Олар ғаламдық проблемалар деген атқа ие болды. Бүкіл дүние жүзінің, бүкіл адамзатты қамтитын, оның кәзіргісі мен болашағына қаіп төндіретін және өзінің шешілуіне бірігіп күш жұмсауды, барлық мемлекеттер мен халықтардың біріккен әрекетін талап ететін проблемаларды ғаламдық проблемалар деп атыды. Ғаламдық проблемалар өзінің бір-бірімен әрекеттесуіне өзінше мынадай үшбұрыш құрайды: халқы – әлеуметтік және экономикалық даму – айналадағы орта.

2. Бейбітшілік пен қараусыздану, жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу проблемасы. Соғыс барлық тарихи дәуірлерде қоғамның дамуына әсер тигізіп отырады. Бірақ бұрын ешқашан да тұтас елдер мен континеттерді жойып жіберудің нақты мүмкіндігі болған емес. Ол мүкіндік ракета техникасына қоса, ядорлық қарудың жасалуына байланысты XX ғасырдың екінші жартысында туды. Бейбітшілік пен қараусыздану, дүниежүзілік жаңа соғысты болдырма, адамзаттың құрып кетпеуі және өзін-өзі сақтауы қазіргі заманның шын мәнісінде № 1 проблемасына айналуы, міне, сондықтан. Ол 80- жылдардың соңы мен 90- жылдардың басында ғана шын мәнінде шешіле басталды. «Қырғиқабақ соғыс» тоқтатылды. Ондаған жылдар бойы Шығыс пен Батысты бөліп келген «темір перде» жойылды. Қазір дүние жүзін ядорлық қарумен жою қауіпі іс жүзінде алынып тасталды. Алайда қырып-жоятын қару-жарактың аймақтық жанжалдарға ұласа отырып, тарала беруді дүние жүзіне бұрынғыдан да көбірек қауіп төндіруде.

3. Экологиялық проблема: «Жер біреу ғана!» Ноосфера (патасаттылық саласы) туралы ілімнің негізін қалаушы академик В. И. Вернадский (1863-1945) 40- жылдарда-ақ адамдардың шаруашылық әректі географиялық ортаға табиғаттың өзінде өтіп жататын геологиялық процестерден кем әсер етпейді деп жазған болатын. Содан бері қоғам мен табиғаттың арасындағы «зат алмасу» әлденше есе өсті және ғаламдық көлемге жетті. Алайда табиғатты «жаулап ала» отырып, адамдар өздерінің тіршілік әрекетінің табиғи негіздерін айтарлықтай дәрежеде бұзды. Айналадағы орта жағдайы едәір нашарлады. Оны белгілі франсуз океанлогы Жак Ив Кусто былай сипаттады: «Бұрын табиғат адамды қорқытатын, енді адам табиғатты қорқытады». Кейбір елдер мен аудандарда экологиялық жағдайы өте қатты шиеленісіп, экологиялық дағдарыс деңгейіне жетті. Айналадағы ортаның ластануынан келетін әлеуметтік, эстетикалық және басқа шығындарды былай қойғанда, экономикалық шығынның өзі ғана жылына көптеген миллиард доллармен есептеледі. Оның үстіне, Жер климатының бақылаусыз өзгеруі, стратосфераның озон қабатының бұзылуы секілді дүниежүзілік экологиялық қауіп туды. Сендер мұның адамдардың тек қазір ғана емес, болашақ ұрпақтарына төнген қауіп қалу проблемасына айналы, міне, сондықтан. Қазіргі уақытта барған сайын көптеген елдер оны шешу үшін өздерінің күш-жігерін біріктіре бастады. Ұзаққа созылатын экологиялық қауіпті жоюмен қатар, төтенше экологиялық жағдайларда көмек көрсетілуде. Осының бәрі БҰҰ – ның 70-жылдары ұсынған «Жер біреу ғана!» деген ұранын жүзеге асыруды көздейді. Дүниежүзілік қауымдастық мынадай жағдайды басшылыққа алады: экологиялық проблеманы шешудің

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу		68 беттің 58 беті

басты жолы – адамдардың өндірістік және өндірістік емес іс-әрекетін қалыпты экологиялық дамуды – айналадағы ортаны бүкіл адамзаттың және әрбір адамның мүддесіне сай өзгертуді қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру.

5.4. Иллюстрациялық материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
 - б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.
 - б) оқу орны: аудитория
- Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

5.5.Әдебиет:

- 1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004
2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Казақстан,2004
- 3.**Ахметов Е.**Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземплярлары: всего:1
4. **География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземплярлары: всего:1
5. **География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.Экземплярлары: всего:1
- 6.**Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземплярлары: всего:9**
7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземплярлары: всего:43

3.Қосымша:

- 1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002
2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.
3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.
4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика) Экземплярлары: всего:1
5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземплярлары: всего:20
6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат
7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.
8. Зарубежная Азия «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 59 беті	

Просвещение-Қазақстан, 2004
Атлас, контурная карта 10 класс.

5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.

Бақылау сұрақтары:

1. Ғарышты игеру проблемалары.
2. Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз
1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.
2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

Үй тапсырмасы. 5 мин.

№ 18 сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы: : Ғаламдық болжамдар, гипотезалар және жобалар. Тұрақты даму стратегиясының негізгі шарттары.

№ 2 Аралық бақылау.

Сағат саны: 135 мин

5.2. Сабақтың мақсаты: Қазіргі адамзат алдындағы ғаламдық проблемалардың туындау себептері, оны шешу жолдары, оның әртүрлілігін мен аймақтардағы ерекшелігін көрсету.

Білімділік: білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды өз елін сүйуге тәрбиелеу.

Дамыту: оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Ұйымдастыру кезеңі- 10 мин

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- ә) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру
- б) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 30 мин

- а) барлық оқушылардың үй тапсырмасын орындағанына көз жеткізу;
- б) студенттермен уақытында жұмыс істеу;
- б) сабақтарды сұраудың жалпы әдістемесі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) студенттердің білімін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау

3. Жаңа сабақты түсіндіру: 45 мин

5.3 Ақпараттық – дидактикалық бөлім.

1. Теңіз және өзен көлігі
2. Теміржол көлігі
3. Автомобиль көлігі
4. Шетелдік Еуропаның территориясы, шекарасы, орны.
5. Шетелдік Еуропаның табиғат жағдайлары мен байлықтары.
6. Шетелдік Еуропаның ірі бөліктері, халқы
7. Азия елдерінің шаруашылығы. Оның алатын орны
8. Азия елдері өнеркәсібі. Оның басты салалары
9. Азия елдері ауыл шаруашылығы. Оның түрлері
10. Африка елдері дамуының аса маңызды орналасуының факторы.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-73/11-225 68 беттің 60 беті

11. Африканың дүние жүзіндегі орны. Солтүстік және тропиктік Африканың ірі аймақтарын салыстырайық.
12. Солтүстік Африка: территориясының бейнесі.
13. ОАР-қосарлы экономика елі.
14. Ғаламдық промлемалар ұғымы.
- 15.Бейбітшілік пен қараусыздану, жаңа дүниежүзілік соғысқа жол бермеу проблемасы.
- 16.Экологиялық проблема.
17. Ғарышты бейбіт мақсатта игеру, жаңа көкжиектер.
18. Ғаламдық жобалар және гипотезалар.
19. Тұрақты даму стратегиясы мен принциптері.
20. Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметінің негізгі принциптері.

1. Демографиялық проблема – «ғасыр проблемаларының» бірі. Бұл проблеманың біріне-бірі қарама-қарсы екі бағыты бар

Біріншіден, бірқатар дамыған елдерде халықтың ұдайы өсуінің бұзылуына, оның тез қартаюуына және санының әкеліп соғып отырған демографиялық дағдарыс алаңдатпай қоймайды. Демографтар мұндай процесті халық санының азаюы (депопуляция) деп атайды. Екіншіден, Азия, Африка және Латын америкасы елдерінің көпшілігінде халық санының тез өсуі бұдан да гөрі көбірек алаңдатады. Оның үстіне, жас адамдардың үлесі өте жоғары болып отырғанда, халықтың, демограф-ғалымдары 60-жылдары демографиялық жарылыстың шыңы артта қалды деп тұжырымдайды. Африканы қоспағанда, халықтың ұдайы өсуінің екінші түріне жататын барлық аймақтарда баланың туылуы мен халықтың өсуі біртіндеп кеми бастады.

2. Энергетикалық және шикізат проблемалары: себептері мен шеу жолдары.Бұл бәрінен бұрын адамзатты отынмен және шикізатпен сенімді түрде қамтамасыз ету проблемалары. Бұрын да қорлармен қамтамасыз етудің белгілі бір шиеленскен кездері болған. Бірақ әдетте бұл табиғат қорлары құрамы «жасақталмаған» аудандар мен елдерге қатысты болатын. Ғаламдық көлемде ол бірінші рет 70-жылдары туды деуге болады.Оның бірнеше себептері бар.Оларға мұнайдың,табиғи газ бен отын және шикізаттың кейбір басқа түрлерінің барланған қорының айтарлықтай шектеулілігі,өндірудің кен-геологиялық жағдайларының алшақтықтың артуы,өндіруді табиғат жағдайлары өте қатаң жаңадан игерілген аудандарға қарай жылжыту және т.с.с. жатады.Демек,қазіргі дәуірде, минералдық қорларды бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде тиімді пайдаланып ұдайы өндіру қажет.Бұл үшін ГТР зор мүмкіндіктер береді. Пайдалы қазбаларды Жер қойнауынан неғұрлым толық алу, өндірістің энеогия мен материялды қажет етуін азайту, жаңа кен орындарын ашу және бұрын шама жетпеген кен орындарын игеру, сарқылмайтын энергетика қорларын айналымға қосу, атом және сутегі энергетикасы, МГД-генераторлар, отын элементтері және ең ақырында басқарылытын термоядролық синтез саласындағы прогресс секілді мәселелердің шешілуі де ГТР-ға байланысты.

3.Азық-түлік проблемасы – Жер бетінде өсіп келе жатқан халықты азық-түлікпен қалай қамтамасыз ету керек?Ежелгі даналық сөзде:”Адам өмір сүру үшін тамақтанады, тамақтану үшін өмір сүрмейді” делінген. Оның қалыпты тіршілігі мен іс-әрекетіне қажетті тағам мөлшері жынысқа,жасқа,салмаққа,бойға,еңбектің сипаты мен жағдайларына,

QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 61 беті	

территорияның климат ерекшеліктеріне байланысты. Ғалымдар тұтынылатын тағамның калориялық нормасы тәулігіне 2300-2600 ккал және 70-100 г белоктан кем болмауға тиіс деп санайды. Алайда қазіргі кезде БҰҰ-ның деректері бойынша адамзаттың 2/3-сі үнемі азық-түлік жетіспейтін елдерде тұрады. Сондықтан азық-түлік проблемасын ғаламдық проблема деп есептеу керек. Оны шешу үшін адамзат өсімдік шаруашылығының, мал шаруашылығының және балық аулаудың мүмкіндіктерін толығырақ пайдалануы тиіс. Мұнда ол екі жолмен жүре алады. Экстенсивті жол – ең алдымен егістік, жайылымдық жерлер мен балық кәсіпшілігі аумақтарын одан әрі ұлғайту. Бірақ бүкіл құнарлы және қолайлы орналасқан жерлер іс жүзінде осыған дейін игеріліп қойылғандықтан, бұл жол өте көп шығын жұмсауды қажет етеді. Интенсивті жол – ең алдымен жарамды жердің биологиялық өнімділігін арттыру. Ол үшін биотехнологияның, түсімі жоғары жаңа сорттар химияландыру, сонымен бірге тарихи Месопотамиядан, Ежелгі Египеттен және Үндістаннан бастап бірнеше мың жылға баратын мелиорациялауды дамытудың шешуші маңызы бар. Жер жүзі халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін XX ғасырдың соңғы ширегінде ауыл шаруашылық өндірісінің көлемін 2 есе, ал XXI ғасырдың ортасына қарай – 5 есе ұлғайту қажеттігін ғалымдар есептеп шығарған. Есептеулер мынаны көрсетіп отыр: егер дүние жүзінің бүкіл елін қазіргі көптеген дамыған елдердің ауыл шаруашылығында қол жеткен деңгейге теңестірсек, онда 10 млрд. Және тіпті одан да көп халықтың азық-түлік жөніндегі қажеттерін толық қанағаттандыруға болар еді. Демек, адамзаттың азық-түлік проблемасын шешудегі басты жол – интенсивті жол болып табылады. Ол қазірдің өзінде бүкіл егіншілік өнімдері өсімінің 9/10 бөлігін қамтамасыз етіп отыр.

4. Дүниежүзілік мұхитты пайдалану проблемасы: жаңа кезең. Жер бетінің 71%-ін алып жатқан Дүниежүзілік мұхит елдер мен халықтардың қатынас жасауында маңызды рөл атқарып келді. Дегенмен XX ғасырдың ортасына дейін Мұхиттағы адамзат қызметінің барлық түрі дүниежүзілік кірістің 1-2%-ін ғана беріп отырды. Бірақ ГТР-дың дамуына қарай Дүниежүзілік мұхитты жан-жақты зерттеу және игеру мүлдем басқаша ауқым алды. Біріншіден, ғаламдық энергетикалық және шикізат проблемаларының шиеленісуі теңізден кен өндіру және химия өнеркәсіптерінің, теңіз энергетикасының пайда болуына әсер етті. ГТР-дың жетістіктері мұнай мен газ, темір-марганец конкрецияларын өндіруді ұлғайту, теңіз суынан сутегі изотобы – дейтерийді айырып алу, орасан зор толысу электр станцияларын салу теңіз суын тұщыландыру істерінде жаңа болашақ ашуда.

Екіншіден, ғаламдық азық-түлік проблемасының шиеленісуі Мұхиттың биологиялық қорларына деген қажеттілікті күшейтті: олар әзірге адамзаттың азық-түлік “ризығының” 2%-ін ғана қамтамасыз етуде (дегенмен жануар текті белоктың 12-15%-ін қамтамасыз етеді). Әрине, балық пен теңіз өнімдерін өндіруді арттыра беріге болады және керек те. Үшіншіден, халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, дүниежүзілік сауданың тез өсуі теңіз тасымалының ұлғаюымен қатар жүріп жатады. Бұл өз кезегінде өндіріс пен халықтың теңізге қарай бетбұрыс жасауына және теңіз жағалауындағы көптеген аудандардың қарыштап дамуына себепші болады. Мәселен, көптеген ірі теңіз порттары өнеркәсіпті порт кешендеріне айналды, мұндай кешендерге кеме жасау, мұнай-химия, металлургия секілді салалар тән,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы Әдістемелік өңдеу		044-73/11-225 68 беттің 62 беті

ал соңғы уақытта кейбір ең жаңа салалар дами бастады. Теңіз маңайындағы урбандалу кең көлемде дамуда. Дүниежүзілік мұхит және мұхит – құрлық аймағы шеңберіндегі бүкіл өндірістік және ғылыми қызметтің нәтижесінде дүниежүзілік шаруашылықтың айрықша бір құрамдас бөлігі – теңіз шаруашылығы пайда болды. Оның құрамына өндіретін және өндейтін өнеркәсіп, энергетика, балық аулау, көлік, сауда, тынығу және туризм енеді. Тұтас алғанда, теңіз шаруашылығында кемінде 100 млн. адам жұмыс істейді. Сонымен бірге мұндай әрекет дүниежүзілік мұхиттың ғаламдық проблемасын туғызды. Оның мәні мынада: мұхит қорларының игерлуі өте әркелкі, теңіз ластанып барады, ол әскери әрекет майданы ретінде пайдалануда. Сондықтан БҰҰ-ның теңіз хұқы жөнінде 1982 ж. қабылдап, “Теңіздер хартиясы” деп атаған Конвенциясының өте зор маңызы бар. Ол жағалаудан 200 теңіз милі экономикалық аймағын белгілеп, ондағы жағалық мемлекеттердің де биологиялық және минералдық қорларды пайдалануға егеменді хұқы бар екенін атап көрсетті. Дүниежүзілік мұхитты пайдалану проблемасын шешудің негізгі жолы – мұхит табиғатын тиімді пайдалану проблемасын шешудің негізгі жолы – мұхит табиғатын тиімді пайдалану, оның байлықтарына бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың күш жігерін біріктіру негізінде теңестірілген, жинақы көзқарастар тұрғысынан келу. 8. Ғарышты бейбіт мақсатта игеру: жаңа көкжиектер. Ғарыш ғаламдық орта, адамзаттың ортақ игілігі болып табылады. Қазір, ғарыштық бағдарламалар елеулі күрделене түскенде, оларды орындау көптеген елдер мен халықтардың техникалық, экономикалық, интеллектуалдық күш-жігерін шоғырландыруды талап етеді. Сондықтан ғарышты игеру аса маңызды халықаралық, ғаламдық проблемалардың біріне айналды.

Ғаламдық проблемалардың өзара байланыстылығы. Дамушы елдердің артта қалушылығын жою – аса ірі жалпы дүниежүзілік проблема. Сендердің көріп отырғандарындай, адамзаттың ғаламдық проблемаларының әрқайсысының нақты өз мазмұны бар. Бірақ оларды бәрі өзара тығыз байланысты: Энергетикалық және шикізат проблемалар экологиялық проблемамен, экологиялық проблема демографиялық проблемамен, ал демографиялық проблема азық-түлік проблемасымен өзара байланысты және т.б. Адамзаттың ғаламдық проблемалары арасында жаңа дүниежүзілік соғысты болғызбау проблемасы айрықша орын алады. Алайда қарулану экономикасынан қарусыздану экономикасына көше бастаған қазіргі кезде ғаламдық проблемалардың көпшілігі ауырлық күші барған сайын дамушы елдерге қарай орын ауыстыруда. Олардың артта қалуы өте күшейіп барады. Мұндай артта қалушылықтың басты көрінісі мен себебі – кедейлік, қайыршылық. Азия, Африка және Латын Америкасын елдерінде халықтың 40%-і нағыз қайыршылық жағдайларда өмір сүруде. Қаланың лас шеттері мен шалғай елді мекендердің тұрғындары неғұрлым бай елдердегі тұрмыс деңгейінің 5-10%-ін құрайтын тұрмыс деңгейіне қанағаттануға мәжбүр болып отыр. Дамушы елдерде азық-түлік проблемасы қайғылы, тіпті апатты сипат алып барады деуге болады. Әрине, әлемде аштық пен тойып тамақ ішпеу адамзат дамуының алғашқы кезеңінен - ақ белгілі. Қытайда, Үндістанда, Ирландияда, Африканың көптеген елдері мен Кеңес Одағында орын алған аштық ошақтары XIX – XX ғасырларда көптеген миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Бірақ ҒТР дәірінде аштықтың және Батыстың экономикасы дамыған елдерінде азық – түліктің артық өндірілуі – бұл шын мәнінде біздің заманымыздағы күтпеген

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 63 беті	

құбылыстардың бірі. Бұл да дамушы елдердің жалпы арта қалуы мен кедейлігінен туған құбылыс. Бұл құбылыс ауыл шаруашылық өндірісінің оның өнімдеріне деген қажеттіліктен әлде қайда артта қалуына әкеп соқтырды. Қазіргі кезде халқының едәуір бөлігі аштан өлу мегінде тұрған Африка мен Азияның «жасыл революция» жүргізбеген ең артта қалған елдері «аштық географиясын» ашып отыр. 70-тен астам дамушы ел азық-түлікті сырттан әкелуге мәжбүр болуда.

Негізгі түсініктер: тұрақты даму деңгейлері, экологиялық ынтымақтастық, халықаралық ұйымдар, экологиялық мәселелер, экологиялық дағдарыстар.

Тұрақты дамудың деңгейлері –локальды, аймақтық, ұлттық, мемлекетаралық, ғаламдық. Тұрақты дамудың әр деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси факторлар өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған біртұтас процесс ретінде қарастырылады. Экологиялық факторлар –өркениет дамуының шекаралық ауқымын анықтайды. Экономикалық факторлар нарықтық жүйенің қалыптасуын қарастырады. Әлеуметтік факторлар -ауыл-шаруашылығы, адам құқығы, демография мәселелерін қарастырады. Елде қалыптасқан саяси ахуал тұрақтылықтың, конфессияаралық келісімнің, демократия мен қоғамдық институттарды дамытудың үлгісін көрсетуге мүмкіндік береді.

Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін халықаралық ұйымдар.

Әлемдік даму моделінің нәтижесі дәлелдегендей, мемлекеттер, ұлттар экологиялық проблемаларды шешуге міндетті түрде өте жауапкершілікпен келу керектігі, яғни халықаралық қарым – қатынастың бірнеше негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында адамзат баласының қолы тимеген және экологиялық тепе – теңдікті ұстап тұруға себебін тигізетін табиғи жүйелерді сақтау;
2. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, оның ішінде табиғи ортаның ассимиляциялық потенциалын қорғау;
3. Халықаралық экологиялық жауапкершіліктің тиімді жүйелерін жасау (соның ішінде, әскери қимылдар кезінде қоршаған ортаны бүлдіргендегі жауапкершілік).

Халықаралық ынтымақтастықтың келесі формаларын бөліп көрсетуге болады:

1. **Парламентаралық** ынтымақтастық, мемлекет арасындағы экологиялық проблемаларды шешуді қамтамасыз жасауға бағытталған, бұнда заңдылық қызметін үйлестіреді. Осында экологиялық заңдар модельдерін жасау қарастырылған, бірақ ұсыныс ретінде.
2. **Жекеленген мемлекеттердің** атқарушы құрылымдарын, өзара қарым – қатынасын ұйымдастыру, БҰҰ қамқорлығымен жүзеге асатын экологиялық бағдарламалар бағытын реттеп отырады.
3. **Конвенциялық** (арнаулы мәселе жөніндегі халықаралық шарт) жекеленген территориялармен объектілердің нақты экологиялық проблемасын шешуге біркелкі тәсілдер.

Ғылыми – техникалық ынтымақтастық ғылыми сипатта өзара мәліметтер алмасуға бағытталған.

Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметінің негізгі принциптері. 1970 жылдардың басында, қоғам мен табиғат арасында жеткілікті экология – экономикалық проблемалар адамзатқа әлемдік қауіп туғызатын, оның салдарынан планета биосферасына үлкен өзгерістер болатындығы белгілі болды. Бұл оған қоршаған ортаны қорғау саласындағы БҰҰ бағдарламасында ЮНЕП деп аталады. Осы орган тұрақты негізде жұмыс жасап жатыр, оның штаб пәтері Найроби (Кения) орналасқан. Айнала қоршаған ортаны қорғау көп қырлы, кешенді проблема екені белгілі, бұған байланысты ЮНЕП

QONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 64 беті	

қызметіне қосымша оның кейбір жеке аспектілерімен келесі мамандырылған ұйымдар, БҰҰ басшылығымен жұмыс істейді:

ЮНЕСКО – ғылым, білім, мәдениет саласындағы БҰҰ мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен бітімгершілік келісім – шарттарын жүргізуге ықпал жасайтын арнайы мамандырылған мекеме. Оның негізі 1946 жылы құрылған. Штаб – пәтері Францияның астанасы Париж қаласында орналасқан. Ол экология саласында "Адам және биосфера" және "Адам және оны қоршаған орта" бағдарламалары бойынша жұмысты орындайды, адам мен айнала орта байланысы және оның әлеуметтік – экономикалық факторларының дамуында зерттеулер жүргізеді;

ФАО – ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және өндіруді жақсарту міндетін атқарады, агросфераға инвестиция тартуға, топырақ құнарлығын арттыру мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану, қорғау; жаңа және өзгеше энергия көздерін өндіруді, игеруді ықпалын тигізуге көмектеседі. ФАО негізі 1945 жылы құрылған. Бұл мекеменің штаб – пәтері Италияның астанасы Рим қаласында орналасқан.

ВОЗ (Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы) – әлем халықтарының денсаулығын қадағалайды, экологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсаты жүктелген, оған тұрғы сумен қамтамасыз жасау, тамақ және қалдықтарды жою міндеттері қамтылған. ВОЗ мекемесі 1946 жылы құрылды. Өртүрлі қауіпті ауру түрлеріне қарсы емдеу шараларын іздестіреді, халықаралық деңгейдегі санитарлық ережелерді жасайды, сондай – ақ емдеу дәрілердің сапалық жағын тексереді. Дамушы елдердегі халықтардың денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Штаб – пәтері Женева қаласында орналасқан.

ЮНИДО – халықаралық жаңа экономикалық тәртіпті бекіту және өнеркәсіптің дамуына оң ықпал жасау мен қолдау жүктелген;

МАГАТЭ – радиациядан қорғану, қауіпсіздік шараларын жасау міндеті бекітілген, бұған радиоактивтік материалдарды айнала ортаға экологиялық зиянын тигізбей тасымалдау мен қалдықтарды жою міндеті тапсырылған. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану ісінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағытында пайда болған агенттік. Қазіргі кезде бұл агенттік барлық елдердегі атом электр станцияларының қауіпсіздігін қадағалайды. Бұл агенттік 1957 жылы БҰҰ шешімімен құрылған, штаб – пәтері Вена қаласында орналасқан.

ВМО (Әлемдік метеорологиялық мекеме) – бұл мекеме негізі 1873 жылы құрылған, бірақ 1947 жылдан бастап БҰҰ құрамына енді. ВМО басшылығымен әлемдік ауа райын бақылау қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті планетадағы табиғат күштері мен құбылыстары жайлы жалпы мәліметтер мен бақылау жасау. Бұл ұйым метеорологиялық бақылау мен зерттеу бағытында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай – ақ ұлттық метеорологиялық қызметтің жұмысын үйлестіру. Штаб – пәтері Женева қаласында орналасқан.

МСОП (Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғаудағы халықаралық одақ) – бұл одақ ЮНЕСКО және ФАО жанындағы халықаралық кеңес пен ұсыныс беруші мекеме. МСОП әлемдік табиғат қорғау стратегиясын жасады және барлық елдерге оны орындау жөнінде ұсыныс береді. МСОП 1948 жылы құрылған. Ұйымның орналасқан қаласы Глан (Швейцария).

МЮО – Халықаралық құқық ұйымы 1968 ж құрылған, қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық сұрақтарын дайындауға ықпал етеді.

МЭС – Халықаралық экологиялық сот. 1994 ж қарашада Мехико конференциясында заңгерлердің ұсыныс бойынша құрылған ұйым. Әлемдік экологиялық іс-әрекеттерді әділ шешуді қажет ететін мәселелерді шешумен айналысады. Бұл ұйымда әлемнің 24 елінен 29 судья жұмыс істейді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225	
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 65 беті	

WWF-жабайы табиғатты қорғау фонды (ағыл. WWF — *World Wide Fund for Nature*) — 1961 ж құрылған. 27 ұлттық бөлімшелері бар.

MOT –Халықаралық еңбек ұйымы. 1919 ж еңбек қауіпсіздігінің шарттарын қамтамасыз ету және биосфераның ластануын азайту мақсатында құрылған ұйым.

ГРИНПИС (Greenpeace — «Жасыл әлем») — қоршаған ортаның деградациясының алдын алуды мақсат етіп қойған тәуелсіз халықаралық қоғамдық ұйым. 1971 ж Канаданың Ванкувер қаласында құрылған 1,5 млн мүшесі бар, 1/3— американдықтар. Әлемнің 32 елінде бөлімдері бар.

5.4. Иллюстрациялық материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

б) көрнекі және дидактикалық құралдар: өз бетінше жұмыс істеуге арналған кеспе, тест тапсырмалар, кроссвордтар.

б) оқу орны: аудитория

Жаңа тақырыпты бекіту. 30 мин.

5.5.Әдебиет:

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Экономическая и социальная география мира. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. ПереводШ.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

3.Ахметов Е.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

4. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы :Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

5. География: Общий обзор. Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического направления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы :Мектеп, 2010. - 296 с. : ил. Экземпляры: всего:1

6.Дүниежүзініңэкономикалықжәнеәлеуметтікгеографиясы :Жалпыбілімберетінмектептің 10-сыныбына арналғаноқулық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы :Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9

7. География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

3.Қосымша:

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. — М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика) Экземпляры: всего:1

5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу		68 беттің 66 беті

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь.

М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы», -М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Страны и народы», -М.Мысль. В.П.Максаковский. География.

Перевод Ш.М.Надырова. Экономическая и социальная география мира. Алматы:

Просвещение-Қазақстан, 2004

Атлас, контурная карта 10 класс.

5.6. Сабақты қорытындылау. 15 мин.

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметі.

2. Дамыған және дамушы елдердің 5-10 мысалын келтіріңіз

1. Жаңа материалдың негізгі ұғымдарына назар аударыңыз.

2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жазыңыз.

Үй тапсырмасы. 5 мин.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу		68 беттің 67 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-225
Әдістемелік өңдеу	68 беттің 68 беті